ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қазан Іс №1513-24-00-2/2863 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Айгерім Нұрланқызы Карагайшина («Румия»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Б.Н.Уразалин
жауапкер А.Н.Карагайшина

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2024 жылдың 4 мамырында №142/23 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 928 000 теңгеге этилды спиртті тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарт Қазынашылық органында 2024 жылдың 3 мамырында тіркелген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 20 тамызында болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылдың 16 мамырында төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талапты мойындамай, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер 2024 жылдың 9 шілдесінен бастап шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Шартты бұзу жөніндегі іс-әрекеттер жойылған жоқ және заңсыз деп танылған жоқ.

Заңның 38-бабының 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Бұл мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен өткізілді.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 28.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 04.12.2024

1513-24-3-1/3248

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Айгерім Нұрланқызы Карагайшинаны («Румия») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Айгерім Нұрланқызы Карагайшинадавн («Румия») жергілікті бюджет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 28.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Казтуганова Б. А., 04.12.2024

1513-24-3-1/3248